

"Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 18 қараша N 1153. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.22. N 1157 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311 Жарлығын орындау үшін және агроөнеркәсіп кешенінде мемлекет мұқтаждарына арналған мемлекеттік маңызы бар өнімдердің экспортын және шикізатты, жабдықтар мен басқа да өнімдерді орталықтандырып сатып алуды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазагросыртсауда" сыртқы экономикалық акционерлік қоғамның негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің жанынан "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

2. Компания "Қазагросыртсауда" сыртқы экономикалық акционерлік қоғамның мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияның жарғылық капиталындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар салымдарының үлесіне сәйкес келетін "Қазагросыртсауда" сыртқы экономикалық акционерлік қоғам акцияларының пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын оған табыстайтын болсын.

4. Компанияға:

агроөнеркәсіп кешенінде мемлекеттік маңызы бар өнімдердің экспорты мен қайта экспортын, оның ішінде баспабас операциялар негізінде, сондай-ақ шикізаттың, азық-түліктің, өсімдік пен малды қорғау құралдарының жабдықтардың және басқа өнімдердің импортын жүзеге асыру;

агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының әлемдік нарыққа тиімді қатысуын, экспорт әлеуетін кеңейту және өндірілетін тауарлардың бәсекелік қабілетін арттыру мақсатында олардың сыртқы экономикалық қызметіне жәрдемдесіп отыру тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісуі бойынша Компания:

әлемдік стандарттарға сай келетін жоғары сапалы өнім өндіру жөніндегі нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады;

шет ел инвестицияларын тарту мен пайдалану, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, сақтау және ұқсату жөніндегі озық шетелдік технологияларды енгізу жұмысын жүргізеді.

6. "Агросауда" мемлекеттік сыртқы сауда акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының заңдары, өзінің жарғысы негізінде жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылады және өз жұмысын Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің басшылығымен жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті республикалық Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және Компаниямен бірлесіп бір айлық мерзімде Компанияның құрылтай құжаттарын әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі